КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 11 шілде №7119-24-00-2/8298 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Какеев» атынан Какеев Ерзат Бакытжанулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер Жеке кәсіпкер «Какеев» атынан Какеев Ерзат Бакытжанулын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Какеев» атынан Какеев Ерзат Бакытжанулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Какеев» атынан Какеев Ерзат Бакытжанулынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 11.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.08.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 09.09.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 11.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.08.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 09.09.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

7119-24-3-1/7651